

8 желтоқсан күні кітапханамызда 10 «Б» сынып оқушыларымен «Желтоқсан ызғары» атты тарихи сағатымыз өтті. Бүгінгі тақырыбы: тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ жастарының өшпес ерлігіне арналды. Алматыда 1986 жылғы желтоқсан айында болған оқиға Қазақ халқын ғана емес, сол кездегі бүкіл Кеңес елінің санасын ұйқыдан оятқан еді. Осы қанды оқиғаға қатысқан 16 мен 20 жас аралығындағы жас студенттер еді. Біз желтоқсан құрбандарының даңқы арта берсін деп бас иіп тағзым етеміз. Желтоқсан құрбандарына тағзым етіп, еске алу – біздің парызымыз. Желтоқсан оқиғасын оқушыларға таныстыру. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.



